



Кербұлақ жұлдызы

Қоғамдық - саяси газет

Общественно-политическая газета

№14 (3867) 7.04.2017

Газет 1974 жылғы 15 шілдеден бастап шығады

Газета выходит с 15 июля 1974 года

Қоғамдық қабылдау

Таяда «Нұр Отан» партиясы Кербұлақ аудандық филиалының азаматтарды қабылдау кестесі бойынша аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Бағдат Байшалұлы Алиев Жайнақ батыр ауылдық округіне қарасты елді-мекендердің азаматтарын қабылдап, көшпелі «Қоғамдық қабылдау» өткізді.

Қабылдау барысында «Ауылға кіре берістегі көпірді жөндеу қажет» деген Жайнақ батыр ауылының тұрғыны И.Карпенконың және ауыл тұрғыны Шабанғараев Омарханның «Жайнақ батыр ауылындағы үлкен жолдың бойын көктемде таудан аққан қара су көтеріліп, ауыл тұрғындарының қарым-қатынастарына қиыншылық туғызып тұр, осыған орай жол бойына су ағып кететін лоток салуға ықпал етсеңіз, ауылдың орталық кешесін түнгі мезгілде жарықпен қамтуға мүмкіншілікке қарай қаражат қарастырсаңыздар» деген сұрақтарына аудан әкімі Шұбар ауылы мен Сарыезек-Жаркент автожолындағы 40-шы шақырым аралығындағы (58 шақырым) автомобиль жолын орта жөндеуден өткізуге 640 млн. теңге қарастырылғандығын, осы жолды жөндеу барысында Жайнақ ауылының кіре беріс көпірінің жөнделетіндігін, содан кейін ғана жол бойына су ағатын лоток салу және көшені жарықтандыру жұмыстары қолға алынатындығын айтып өтті.

Доланалы елді мекенінің тұрғыны Айдар Дербисов: «Бүгінгі күндері ауылда орталықтандырылған ауыз сумен қамту құрылымының жоқтығынан су мәселесінің шешілуі тұрғындарға өзекті болып тұрғандығын айтып, көмек сұраған. Өз кезегінде аудан әкімі Б.Алиев Доланалы елді мекеніне орталандырылған су құбырын тартуға сметалық құны 120 млн. теңге жобалық құжаттары дайындалған. Жобаны іс жүзіне асыру тетіктері қарастырылуда екендігін айтып өтті.

Ақбастау ауылының тұрғыны Панархан Акимжанова: «Біздің ауылда да ауыз судың жоқтығы тұрғындарға қиындық туғызып тұр, сондықтан осы мәселені түбегейлі шешіп берсеңіздер» деген еді. Аудан әкімі бұл сұраққа:

- Ақбастау ауылындағы бар екі скважинаны толықтай тексеріп, оны қолданысқа қосу мүмкіндігін қарастыруға аудандық су құбыры мекемесінің



«Адам баласы айналасындағылардан білім мен адамгершілік қасиеті арқылы дараланады» деген екен бір ғұлама. Бүгінгі таңда елімізде білімге деген құштарлығы мен ынтасының арқасында талай байқауларға қатысып, пән олимпиадаларында аудан ғана емес, облыстың намысын қорғап жүрген жастар легі артып келеді. Солардың бірі - кино енерінде елімізге танылған жас актриса, оқу озаты, облыс әкімі тағайындаған Жастар сыйлығының лауреаты, Д.Қонаев атындағы орта мектебінің 10 сынып оқушысы Аликова Жанэля Алиқызы.

Талай байқауларда шашасына шаң жұқтырмай жүрген енерлі

Жанэля жүлдегер атанды

қыз осыдан екі жыл бұрын республикалық «Глияс оқулары» байқауында Бас бәйгені жеңіп алып, Алматы облысының намысын көтерген болатын. Талай биікті бағындырып жүрген Жанэля биыл қаңтар айында облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен дәстүрлі түрде ететін пән олимпиадасында қатарластарынан оқ бойы озып, жүлделі I орынды иеленіп, облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омардың қолынан Алтын медаль мен I дәрежелі диплом алған болатын. Осы жолы өте жоғары деңгейде өткен зияткерлер сайысы республикалық пән олимпиадасында өңірдің намысын қорғайтын білімді жастарды екшел шығарды.

Жақында Жанэля жерлестерін тағы бір қуантты. Ақтау қаласында Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен өткен Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың республикалық олимпиадасында жүлделі 3 орынды иеленді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша республикамыздың түкпір-түкпірінен 80-нен аса оқушы қатысты. Олардың дені Назарбаев зияткерлік мектебінің, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін

тереңдетіп оқытатын «Дарын» мектеп гимназиясының оқушылары болатын. Осындай білім бәйгесінде қазылық еткен ғалымдар мен ұлағатты ұстаздар Жанэляны жүлдеге лайық деп шешті. Нәтижесінде Жанэля Білім министрі Е.Сағадиевтың III дәрежелі Дипломымен, бағалы сыйлықпен, қола медальмен марапатталып, ҚР Білім және ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының сертификатын алды.

Жеткен жетістіктері үшін Жанэля Алиқызы езі білім алып жүрген білім ошағы ұжымының, айрықша қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Кегенбекова Жанна Нұранқызының еңбегі зор деп есептейді.

Қазақта «Жастай алған білімің – тасқа түскен таңбадай» деген жақсы сөз бар. Бүгінгі мүмкіншілік мол кезеңде енер мен білімді қатар алып жүрген осындай тәлімді жасқа болашақта да елінің даңқын асырып, келешегін кемелдендіріп, биік асуларды бағындыра бер дейміз.

Светлана ИСКАКОВА,
аудандық білім бөлімінің әдіскері.

Әлем чемпионатына жолдама алды



2017 жылдың 31 наурыз – 2 сәуір аралығында Ақтебе қаласында өткен самбодан ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында ауданымыздың тұрғыны Ербол Алдухан 52 кг салмақта (жаттықтырушысы - Еркін Қожахметов) Қазақстан Республикасының чемпионы атанды.

Аталған жарыста қарсыластарының барлығын жеңіп, Әлем чемпионатына жолдама алды.

Ербол Сәбитұлы бұған дейін жасөспірімдер арасында бірнеше дүркін ҚР чемпионы атанған. Былтырғы жылы «Жас барыс» жүлдесін иеленді. Еліміздің чемпионы атанған жерлесіміздің дүбірлі додада жеңімпаз атанып оралуына тілектестізі.

Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі.

өкімі тарапынан тұщымды жауаптар алды.

2017 жылдың I тоқсанында атқарған жұмысы туралы есебін берген Жайнақ батыр ауылдық округінің

тоқсан бойынша атқарған жұмыстары туралы аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі А.Мұхамбетов

Қоғамдық кеңес

қамқорлығынсыз қалған ұйымдарға беріледі. Тағы да менің сіздерге айтайын деп отырған альтернативті форманың бірі – бұл отбасы үлгідегі балалар үйі.

Естеріңізде ме? Ана, әке, мен – тату отбасы! Бұны басқадай да айтуға болады: ана, әке, мен және төрттен онға дейінгі аға-әпкелер! «Кеп балалы отбасы», ойыңыз дұрыс. Отбасы, көп балалы отбасы, бірақ мұндағы балалар асыранды: жетімдер немесе ата-ана қамқорынан айырылғандар. Отбасы үлгідегі балалар үйі кем дегенде 4 және 10-нан көп емес баланы тәрбиелеуге ниет білдірген жағдайда құрылады.

Отбасы үлгідегі балалар үйінде асыранды балалар жақындарының махаббатына бөленіп, үлгідей мейірімділік пен өзара түсіністікте болады.

Отбасы үлгідегі балалар үйінің негізгі міндеті – оқыту, тәрбиелеу, сауықтыру және балалардың, жетім балалардың өз бетімен өмір сүруі үшін қолайлы жағдайлар туғызу, мүмкіндік болған жағдайда бітіріп кеткеннен кейін де қадағалау.

Егер сіз отбасы үлгідегі балалар үйін ашуға ниет білдірсеңіз, тұрғылықты мекен-жайыңыз бойынша қорғаншы және қамқоршы органдарға қажет құжаттарды жинап тапсыруыңызға болады. Өтінішке нотариуспен бекітілген ерлі-зайыптылардың білімі туралы куәлік, неке кіші туралы куәлік, еңбек кітапшасы және жеке басын куәландыратын куәлік, отбасының кәмелетке толған барлық мүшелерінің, бірге тұратындардың құжаттарды қабылдаушы тарапынан лауазымды тұлғаның қатысуымен, өз қолдарымен жазылған келісімдері қажет; отбасы мүшелері туралы анықтама, сотталғандығы туралы анықтама, оның ішінде барлық отбасы мүшелерінің; өтініш беруші және бірге тұратын отбасы мүшелерінің орта есеппен жалақылары туралы анықтама, денсаулықтары туралы анықтама (созылмалы ауруының болмауы туралы анықтама, нарколог, венеролог, психиатрға қаралғандығы туралы анықтама); тұрғылықты мекен-жайы бойынша ішкі істер органдарынан мінәземе, балалар тұратын тұрғын үйге құқысы бар екенін растайтын құжаттар қажет.

Жинаған құжаттары және балалар үйін ашықы келетін отбасының тұрғын үй жағдайы әктісі негізінде отбасы үлгідегі балалар үйін ашуға қаулы шығады. Қорғаншы және қамқоршы органдары және болашақ отбасы үлгідегі балалар үйінің арасында балаларды қарау мен тәрбиелеу бойынша келісімшарт жасалады, келісімшартта балалардың қандай мерзімге жіберілетіні, оларға жасалатын жағдай, оларды қарау, оқыту және тәрбиелеу, тәрбиелеушінің құқығы мен міндеті, органдардың міндеті, сонымен қатар осындай келісімшарттың қандай жағдайда тоқталатыны көрсетіледі.

Отбасы үлгідегі балалар үйінде тәрбиеленушілердің барлық жеңілдіктері және мемлекеттік кепілдіктері сақталады. Әр баланың өзіне тиесілі тұрғын үйге құқығы бар. Жәрдемақы, зейнетақы, алимент және басқа да төлемдер өз атындағы шотына түсіп отырады.

Тәрбиелеуші ата-ана бола алмайтындығы айта кетсек: қорғаншы міндетінен босатылғандар; бұрынғы асыраушылар, яғни сот үкімімен асыраушыдан босатылғандар; денсаулығына байланысты бала тәрбиесінде міндетін орындамайтындар; сот шешімімен қабілетсіз немесе шектеулі қабілетті деп танылғандар; сот үкімімен ата-ана құқығынан айрылғандар; өтініш жазу кезінде бала тәрбиелеуге тұрғылықты тұрғын үйі жоқтар; нарколог немесе жүйке жүйесі диспансерінде есепте тұрғандар.

Балалар үйінің жұмыс істеу кезеңінде ата-аналардың еңбек өтілдері жүреді және жалақы алады, сонымен қатар балалар үйін ұстау үшін қаражат бөлінеді.

Жақсы ата-ана болу – қиын, жақсы асырап алушы болу – жүз есе қиын! Отбасы үлгідегі балалар үйінде жұмыс жасау үшін бейімділік керек. Сол асырап алушы ата-аналарға баланың жан дүниесін емдеу, қайтадан адамдарға сенуге және жақсы көруге үйрету тапсырылады.

Аудандық білім бөлімі.

БІЛІМ ҰЛТТЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРАДЫ

Еліміздің әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарына кіру мақсатына сәйкес әлеуметтік жаңғыру, үдемелі инновациялық индустриаландыру және экономикалық ықпалдасу мәселелерін жүзеге асыруда жаңа ауқымды міндеттер қойылғаны белгілі. Бұл жағдайда аға буынның жасампаз істерін жалғастыруға, ұлттық бәсекелестікке қабілеттіліктің деңгейін одан әрі жоғарылатуға, Қазақстанның гүлденуі мен әлемдік танылуын қамтамасыз етуге тиіс жастарға үлкен үміт пен жауапкершілік жүктелген.

Ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басты құралы білім болып табылатындықтан, бүгінгі күні жоғары оқу орындарында дайындалатын мамандарға ерекше талаптар қойылған. Яғни, жас мамандардың біліктілігі жоғары, барлық жаңаны айрықша қабылдағыш, өмірдегі өзгерістерге бейімделгіш, мол әлеуеті мен шығармашылық зияткерлік энергиясы бар және әлеуметтік белсенді қызметке дайын, тәжірибеге жаңа идеяларды, бастамалар мен технологияларды жылдам ендіруге қабілетті жеке тұлғалық қасиеттерге ие болуы тиіс.

Білім беру үрдісінде инновациялық технологияларды қолданып, бүгінгі күннің заман талабына сай еңбек нарығының сұранысына ие, бәсекелестікке қабілетті, мобильді, белсенді тұлғаларды қалыптастыруда өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Экономика және бизнес жоғары мектебі, Есеп және аудит кафедрасының профессор - оқытушылар құрамы (кафедра меңгерушісі профессор м.а. А.М. Байдиғалина, профессорлар Э.Р.Джаншанло, С.Б. Баймұханова, доценттер М.Б. Байдаулетов, А.К. Бейсенбаева, Б.Б. Сұлтанова, Н.А. Товма, Ж.З. Оралбаева, Г.К. Нұрғалиева, О.К. Джакишева, аға оқытушылар О.Ю. Когут, А.З. Арыстамбаева, Э.А. Актуреева және т.б.) барынша өз үлестерін оқсуда. Кафедраның жоғары курс студенттеріне алған теориялық және практикалық білімдерін ғылыми ізденістермен ұштастыруға, халықаралық ғылыми (Венгрия, Чехия, Қытай т.б.) тағылымдамалардан өтуге үлкен жағдайлар жасалған.

Кафедра оқытушылары инновациялық -

коммуникациялық, әдістемелік - ақпараттық проблемаларды шеше алатын, студентпен бірлесіп орындайтын жаңа үлгілерін жасай алатын тұлға болуы – бүгінгі басты сұраныстардың бірі екендігін жете түсіндіреді. Сонда ғана оқытушы білім стандарттарын меңгерудің тиімді жолдарын жақсы игеріп, оқушылардың оқудағы жетістіктері объективті бағаланады және шын мәніндегі білім сапасына қол жеткізеді.

Бүгінгі күні заманауи технологиялар күн сайын жаңарып, заман талабына сәйкес білім беру үшін кафедра оқытушылары да үнемі ізденіс үстінде. Даму үдерісіне үлгере алмаған оқытушы заманына сай маман даярлай алмайтындығын тілге тиек етсек, оқытушы ең озық технологияларды жете меңгерген, тек теориялық тұрғыдан қаруланған емес, практикалық тұрғыдан машықтанған кәсіби құзыретті болғаны жөн. Әр оқытушы студентті кім үшін және не мақсатпен дайындап отырғанын білгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алатындығына сеніммен қарайды.

Сондай - ақ, кафедра ұжымы бірқатар отандық өндірістік ұйымдармен («LIGHTHouse», «Kazakhstan», «RIXOS», «КТЖ» т.б.) тығыз байланыс орнатқан, бұл студенттер диплом алды өндірістік практикаларын сол мекемелерде жоғары дәрежеде өтуіне зор мүмкіндіктер береді. Өндірістік ұйымдар қызметкерлерінің берген нұсқаулары негізінде тәжірибеден өту барысында студенттердің өсеіп - қисап жүргіздеу қолданылатын заманауи бағдарламалармен (1С, SAP, ҚХЕК т.б.) жұмыс жасау, іс қағаздарды дұрыс жүргізу, аудиторлық есеп жасау т.б. әдістермен жан-жақты танысып, машықтануға зор мүмкіндіктері бар.

Қорыта айтқанда, біздің кафедра қолданылатын оқытудың түрлі инновациялық формалары білім алушының танымдық қызығушылықтарын арттыруға, олардың тұлғалық құзыреттілігін дамытуға, бәсекеге қабілетті тұлғаларды қалыптастыруға ықпалын тигізіп келеді.

Қ. АКИМБАЕВА,
«Есеп және аудит»
кафедрасының аға оқытушысы.

Білім беру жүйесінің қасиетті қара шаңырағы

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - 83 жылдық тарихы бар Қазақстанның бетке ұстар жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Негізі қаланғаннан бері әртүрлі жоғары белестерді бағындырып, қазіргі таңда әлемдік оқу орындарының арасында өз дәрежесін нық орнықтырған білім және ғылым ордаларының алпауыты болып саналады.

Университетте 15 факультет, 20 ғылым-зерттеу институты мен орталықтар, технопарк қызмет атқарады. 2000-нан астам профессор-оқытушылар құрамы, соның ішінде 400-ден астам ғылым докторы мен профессор, 800-ден астам ғылым кандидаты мен доцент, 200-ден астам отандық және шетелдік философия докторлары (PhD) еңбек етеді. ҚазҰУ тәжірибе жүргізу мен білім алмасуда және заманауи халықаралық білім бағдарламаларын жүзеге асыруда әлемнің ең ірі 400-ден астам халықаралық жоғары оқу орнымен ынтымақтастық орнатқан. Жыл сайын 150-ден астам атақты шетел ғалымдары дәріс оқып, ғылыми тәжірибелерімен алмасады.

Белгілі бүкіләлемдік «UI Green Metric Ranking of World Universities-2016» рейтингіне ҚазҰУ алғаш рет қатысып, беделді оқу орындары тобында әлемнің ең экологиялық таза үздік 200 университет қатарына енуі – ұлттық университеттің «жасыл дамудағы» жоғары жетістіктері мен үлкен мүмкіндіктерінің дәлелі. World University Rankings QS (Ұлыбритания) беделді рейтингтік агенттігінің зерттеу қорытындысы бойынша, өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 236-орыннан көрініп, әлемнің 250 үздік университеті қатарына енді. Атақты «Great Value Colleges» халықаралық

ұйымның зерттеу нәтижелері бойынша ҚазҰУ үздік технологиялық жетілдірілген әлемнің 50 университеттері қатарынан 31-орынды иеленген ТМД елдерінің ғана емес, сонымен қатар, Шығыс және Орталық Еуропаның жалғыз өкілі болды.

Американдық финансист Джордж Сорос Лондондық берген сұхбатында Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бері жетістіктері туралы пікір білдіріп, Орталық-Азия аумағындағы жоғары оқу орындарының ішіндегі өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің білім беру стандарттары жоғары екендігін айрықша атап көрсеткен болатын. Бұл отандық білім беру әлемдік деңгейде танымал және бәсекеге қабілетті екендігін көрсетеді.

Әлемдік жетекші жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына сәйкес толықтай жаңғырту мен артарпапандыру жұмысы жүзеге асырылған. Білім мен ғылымды интеграциялау аясында әлемге әйгілі Hewlett-Packard, Microsoft, Cisco, Konika Minolta, FUJITSU, Samsung және тағы басқа ұйымдарының оқу-ғылыми орталықтары мен зертханалары құрылған.

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемдік білім беру жүйесінде біліктілігі жоғарғы, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға, өндіріске енгізілетін қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталған жоғары деңгейдегі ғылым, білім, рухани-тәрбиелілік, инновациялық және өндіруші негізіне ие.

Ж.ОРАЛБАЕВА,
Экономика және бизнес жоғары мектебі
есеп және аудит кафедрасының
доцент м.а.